

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 сәуірдегі N 474. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен. ~P020397

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлену және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 810 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 30, 340-құжат):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа да орталық атқарушы органдар, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Алматы қаласындағы мұражай үйінің құрылысы-қайта жаңарту жұмыстарына, сондай-ақ М.О.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оған арналған мерейтой шараларын жүргізуге байланысты шығыстарды тиісті орталық атқарушы органдар мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен жүргізісін.

Мерейтойлық шараларды әзірлеу және өткізу кезінде мемлекеттік сатып алулар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) "Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 586 P960586_ қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында республикалық бюджет қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулардың жүйесі туралы Ережеге және "Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 925 P960925_ қаулысымен бекітілген, аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) ұйымдастыру туралы Үлгі ережеге сәйкес жүзеге асырылсын".

2. "Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын мерекелеуге әзірлік

туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 маусымдағы N 721 Р960721_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 27, 236-құжат);

11-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына әзірлік жөніндегі бірінші кезектегі шаралар республикалық бюджетте көзделген тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдардың қаражатының есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

Аталған шараларды жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік сатып алулар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) "Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 586 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында республикалық бюджет қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар жүйесі туралы Ережеге және "Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 925 қаулысымен бекітілген , аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) ұйымдастыру туралы Үлгі ережеге сәйкес конкурстық негізде жүргізісін".

3. "II Орталық Азия ойындарын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1341 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 45, 431-құжат):

4 және 10 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. II Орталық Азия ойындарына әзірлік және оны өткізу жөніндегі шаралар 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдардың қаражатының есебінен жүргізілсін.

10. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі II Орталық Азия ойындарына әзірлік және оны өткізу кезінде спорт құрылыстарын жөндеуді "Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 586 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында республикалық бюджет қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар жүйесі туралы Ережеге және "Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 925 қаулысымен бекітілген, аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті

бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) ұйымдастыру туралы Үлгі ережеге сәйкес жүргізілсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК